

ТАРИХ АДАМЗАТ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

ОН ТОМДЫҚ

*Антикалық Грекия
және Рим тарихи ойы*





«MADENI MURA»
MEMLEKETTİK BAĞDARLAMASYNYŇ
KİTAP SERIYALARY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ TŪŇGYŞI PREZIDENTI
HŪRSULTAN NAZARBAEVTYŇ
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYFARYLDY

ASTANA

2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

ББК 63.3
Т21

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
«Тарих және этнография» секциясының мүшелері және томның
редакция алқасы:**

Қойгелдиев М.Қ. (*төраға*), Алдажұманов Қ.С., Әжіғали С.Е.,
Гаркавец А.Н., Ерофеева И.В., Мәжитов С.Ф., Нұрмағамбетова Р.Қ.,
Нұрман Ш.Т., Сужиков Б.М.

Томды басуға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның ғылыми сараптаушысы және аударманың арнайы редакторы:
тарих ғылымдарының кандидаты
Ә.Қ.Шашаев

Томды құрастырудың ғылыми редакторы:
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Р.Қ.Нұрмағамбетова

Томды құрастырғандар:
тарих ғылымдарының кандидаттары, доценттер
С.Ф.Мәжитов, Л.Л.Батурина

Т21 Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 2: Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. — 2005. — 416 бет.

ISBN 9965-612-74-9

«Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы» аталатын екінші томға антикалық ой классиктері Аристотель, Жалған (Псевдо) — Ксенофонт, Платон, Плутарх т.б. шығармаларының үзінділері енген. Бұл үзінділердің мазмұны антикалық ойлардың бүгінгі күнге дейін өзекті екенін көрсетеді. Теоретикалық мәліметтермен қатар, мұнда келтірілген дәлелдік материалдар, ежелгі Қазақстан тарихының кейбір беймәлім беттерін толықтыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл еңбекке енген мәліметтер Қазақстан аумағының көне тұрғындарының әлемдік тарих аясындағы орнын объективті қарастыруға көмектеседі.

Кітап зерттеушілерге, жалпы білім беретін мекемелердің ұстаздары мен оқушыларына, аспиранттарға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

Б $\frac{0503000000}{00(05) - 05}$

ББК 63.3

ISBN 9965-612-74-9 (т. 2)

© Тарих және этнология институты, 2005

ISBN 9965-35-013-2

© «Фолиант» баспасы, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша елімізде жүзеге асырылып отырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» 10 томдық сериясының екінші томы жарық көріп отыр. Ол «Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы» деп аталады.

Екінші томға антикалық ой классиктері Аристотель, Жалған (Псевдо)-Ксенофонт, Платон, Плутарх т.б. шығармаларының үзінділері енген. Бұл үзінділердің мазмұны антикалық ойлардың бүгінгі күнге дейін өзекті екенін көрсетеді. Еуропа тарихында ғылыми-сын тәсілінің негізін қалаушы деп есептелінетін Фукидид шығармаларындағы теориялық мәліметтермен қатар, мұнда келтірілген дәлелдік материалдар, ежелгі Қазақстан тарихының кейбір беймәлім беттерін толықтыруға мүмкіндік береді. Ол мәліметтерді Геродот, Страбон, Аммиан Марцеллин, Аррианның еңбектерінен де табуға болады. Сонымен қатар бұл еңбекке енген мәліметтер Қазақстан аумағының көне тұрғындарының әлемдік тарих аясындағы орнын объективті қарастыруға көмектеседі.

Бұл томның тағы да бір ерекше маңыздылығы бар. Мұнда Қазақстан тарихнамасында тиісті орнын әлі ала қоймаған, өз заманында аса білімді ғұламалардың бірі болған Иосиф Флавийдің «Иудейлердің ежелгі заманы» атты еңбегінен сүбелі мәліметтер еніп отыр. И. Флавийдің өзінің берген анықтамасы бойынша, бұл шығарма еврейлердің толық тарихы болып табылады. Автор ешқандай да шовинизмге ұрынбай, еврейлердің тарихын Шығыстың өзге халықтарының тарихымен бір қатарға қоя білген.

Бұл еңбектерді қазақ тілінде сөйлету барысында аудармашыларға көптеген қиыншылықтарды шешуге тура келгендігін айта кеткен жөн. Жоғарыда аталған авторлардың басым бөлігінің шығармашылық жазу стилі қазіргі тарихи жазбалардан мүлдем ерекше екендігін

атап кеткеніміз жөн. Ең алдымен бұл шығармаларды аударатындарға философияны, Ежелгі Грекия мен Рим тарихынан хабардар болуды жүктейді. Оның себебі – сол дәуірдегі философиялық категориялар мен тарихи танымдар айналымындағы сөздердің мағынасы қазіргі кезде тіпті басқа түсінік береді. Мысалы, Плутархтың шығармасындағы «тиранияны» сөзін қазақшаға аударуға болатын еді, бірақ аудармашы мен редактор оны сол қалпында қалдырып отыр. Себебі – Перикл мен Писистраттың кезіндегі тирания екі басқа. Егер біреуінде ол биліктің үздік формасы ретінде мемлекеттік тұрақтылыққа алып келсе, келесісінде билікті күшпен ұштастыру ретінде көрініс берген. Міне, сондықтан «тирания» сөзі сол күйінде қалуға тиіс. Сол секілді «олигархия» – қаржыға сүйенген аз ғана аумақты топтың билігі туралы ұғым беретін сөз, сондықтан бұл терминнің сол күйінде қалғанын жөн көрдік.

Басым бөлігі қазақ тіліне тұңғыш рет аударылған бұл шығармалар антологиясы арқылы оқырман антикалық тарихи ойдың даму ерекшеліктері туралы және ежелгі Грекия мен Рим тарихнамасынан Қазақстан тарихына қатысы бар біршама құнды мәліметтер алады деген үміттеміз.

АНТИКАЛЫҚ ГРЕКИЯ

ЖАЛҒАН (ПСЕВДО) – КСЕНОФОНТ

Көптеген антикалық авторлар шығармаларынан бізге жеткендердің ішіндегі жұмбақ болып табылатыны – «Афиналық полития». Оның мәтіні Ксенофонт шығармалары арасында бірге сақталған. Бірақ та оның осы автор қаламынан шықпағандығы бұрыннан дәлелденген батыс әдебиетшілері негізінен оның авторын «кәрі олигарх» деп атайды, бірақ арнайы осы шығарма зерттелінген соңғы монография бойынша оның авторын «жас олигарх» деп атаса да болар еді, себебі зерттеушінің пікірі бойынша, аталмыш шығарманың авторы материалды қатаң логикалық тұрғыдан ойын әлі дұрыс ұйымдастыра білмейді, еш күмән туғызбайтын дәлелдер жүйесін құра алмайды т. б. Трактат қандай да бір ерекшелігімен көзге түспейді, ондағы барлық идеялар ғалымдарға жақсы белгілі олигархтар тобының қарадүрсін ұстанымдары болып табылатын. Афина ақсүйектеріне тән көзқарастарда жалпылаған реферат болып табылады. Жазылған күніне келетін болсақ, қарама-қарсы пікірлерге қарамастан, көптеген зерттеушілер шығарма Афинаның теңіз күші Сицилиядағы жеңіліспен әлі әлсіремеген кездегі Пелопоннес соғысының бірінші жартысында жазылған дегенмен келіседі, кейде нақты мезгілі де көрсетіледі.

Осы шығармадағы идеяның «қара дүрсіндігі» жөнінде айта отырып, мұны кемшілік ретінде қабылдамау керек. Тіпті бұл – кітаптың құндылығы, себебі автор біздің заманымызға дейінгі V ғасырдың екінші жартысындағы Афиналық олигархтар ойын оқырмандарға өзіндік жинақтау ретінде анық жеткізе білген. Бізге мазмұнын Фукидид жеткізген Периклдің әйгілі «Қабыр басындағы сөз» шығармасындағы Афиналық демократия идеясы негізіне бұл қысқа трактат жауап ретінде жазылған деген пікір дұрыс.

ЖАЛҒАН (ПСЕВДО) – КСЕНОФОНТ АФИНАЛЫҚ ПОЛИТИЯ

I

(1) Афиналықтардың мемлекеттік құрылымына келетін болсақ, олар қазіргі құрылымын таңдаса, мен оны құптамаймын, себебі олар осы құрылымды таңдай отырып, ақсүйектердің тұрмысына қарағанда қарапайым адамдардың тұрмысы жақсы болатын тәртіпті көздейді. Міне, сондықтан да мен оны құптамаймын. Олар осы құрылымды қабылдап қойғандықтан, мен олардың мемлекеттік құрылымды ұтымды сақтайтындары және жалпы алғанда басқа гректердің көзқарасы бойынша олқы болып табылатын тәртіп орнатқанын дәлелдеуге тырысамын.

(2) Ең алдымен, менің айтарым – Афинадағы кедейлер мен қарапайым жұрттың ақсүйек және бай адамдар алдында мүмкіншіліктері көп болуы әділеттік, себебі халық кемелерді жүргізеді және мемлекетке күш береді, кеме жүргізуші, ескекшілердің басшылары, елубасылар, кеме тұмсығының бастықтары, кеме ұсталары – осылар топлиттерге қадірлі және бай адамдарға қарағанда мемлекетке көп пайда келтіретіндер. Осылай болғандықтан, қазіргі сайлаулардағыдай мемлекеттік лауазымға сайлауға жеребе бойынша әркімнің қатыса алатыны немесе қол көтеру арқылы сайлануына болатыны және әр азаматтың өз пікірін ашық айтуы әділеттілік. (3) Егер осы қызметте қадірлі адам отырса, ол бүкіл халықты құтқаруы мүмкін, егер қадірсіз, әділетсіз адам отырса, ол бүкіл халыққа қауіп туғызуы мүмкін және бұл қызметке қарапайым халық қол жеткізе алмайды; ол жеребе бойынша стратег немесе гиппархтың орнын қажет етпейді де. Сонымен бірге халық жағдайды өзі емес, күдіретті адам түзетсе, оған көп пайда келетінін түсінеді. Есесіне ол үйіне қаржы және кіріс әкелетін қызметті таңдауға тырысады. (4) Афиналықтардың ақсүйектерге қарағанда қарапайым және кедей адамдарды таңдағандарына кейбіреулер таң қалады және осы арқылы олар қазіргі белгілі болғандай демократияны сақтаған. Халықтан шыққан кедейлер, ең төменгі сатыдағы

халық байлыққа жетеді және олар көп болса, олар демократияны күшейтеді; егер ақсүйек, бай адамдардың тұрмысы жақсы болса, бұл демократтардың өз қарсыластарын күшейтуі деген сөз. (5) Бүкіл жер бетінде демократияның қарсыласы игі жақсы элемент болып табылады, өйткені ең жақсы адамдар бассыздық пен әділетсіздікке жол бермейді, олар барынша бекзадалық қасиеттерін сақтауға тырысады, ал қарапайым адамдар мүлдем сауатсыз, жүгенсіз, тәртіпсіздік және опасыздыққа ие. Шын мәнінде де, қарапайым адамдарды арсыз істерге итермелейтін кедейлігі, сауатсыздығы және надандығы — қаражат тапшылығынан туындайтын қасиеттер. (6) Мүмкін кейбіреулер айтатын шығар, олардың барлығын Халық жиналысына және Кеңес мүшелігіне қатыстырудың қажеті жоқ, тек тәжірибелі және ең жақсыларын қатыстыру керек деп. Афиналықтар бұл жөнінде де дұрыс пайымдаулар жасайды, егер Халық жиналысында тек ақсүйек және бай адамдар сөйлесе, онда тек солардың деңгейіндегілердің мүддесі көзделеді де, демократтардың тұрмысы нашар болар еді. Қазіргі жағдайға сай, сөйлегісі келгендердің барлығы, мейлі кедей болсын, өз орнынан тұрып, өзінің немесе өзі деңгейлестерінің мүддесін қорғайды. (7) Кейбіреулер мұндай адам өзіне және өзі сияқтыға қандай жақсылық ойлап таба алады деген қарсы пікір айтуы мүмкін. Ал Афинада ақсүйектің беделділігі, ақылдылығы және олардың мүддесінің қайырымсыздығына қарағанда қайта мұндай адамның надандығы, дөрекілігі және өз мүддесін қорғауы, пайда келтіреді деп санайды. (8) Әрине, мемлекеттің жақсаруына мұндай тәртіптің қажеті жоқ, есесіне демократия осындай жағдайларда сақталады. Халық мемлекеттегі ең жақсы заңдардың болуын қалап жатқан жоқ, себебі сол арқылы өзі құлдыққа түскісі келмейді, есесіне бостандықты және басқаруды қалайды, ал заңның қандай екенінде оның шаруасы жоқ. Себебі — сен нашар заң санайтын тәртіптен халық күш және бостандық алады. (9) Егер жақсы заңдар патшалығын іздесең, ең алдымен, азаматтар үшін тәжірибелі адамдар заң жасайтынын көресің; ақсүйектер қарапайым адамдарды бағынышты ұстайды, ақсүйектер Кеңесте отырып, мемлекеттік істерді талдай отырып, нақұрыстардың Кеңес мүшесі болуына, Халық жиналысында сөйлеуіне, тіпті қатысуына жол бермейді. Міне, осындай игілік істерден халық құлдыққа түседі.

(10) Басқа жағынан қарағанда, Афинада метектер мен құлдардың еркіндігі орын алған, құлдарды соғуға болмайды, ол сенің алдында қымсынбайды. Неге мұндай жергілікті дәстүр қалыптасқан, мен оны түсіндіремін. Егер дәстүр бойынша құлды немесе метекті немесе

бостандық алғандарды ұруға рұқсат етілсе, онда Афиналықты құлға теңеп жиі ұратын еді, себебі киімі бойынша олар құл мен метектерден артық емес, жалпы тұрпаты бойынша да еш айырмашылығы жоқ. (11) Егер құлдардың еркін болуы және кейбірінің салтанатты өмір сүруі біреулерді таң қалдырады, онда олар мұны да ойлап істейді ме деген пікір туындайды. Шын мәнінде, теңізі бар ірі мемлекет бар жерде құлдар ақшаға қызмет етулері керек, олардың табысынан маған алым төленуі қажет, оларға бостандық беру керек, бай құлдар бар жерде, менің құлымның сенен қорыққанынан ешқандай пайда жоқ. Лакедемонда менің құлым сенен қорқар еді, егер сенің құлың менен қорықса, оған, мүмкін, өзін қорғау үшін өз ақшасын беруге тура келер еді. (12) Міне, осының нәтижесі ретінде құлдарға да басы бос адамдардағыдай, метектерге де азаматтардағыдай сөз еркіндігі берілген, себебі мемлекет теңіз ісі мүддесі бойынша кәсіптердің көптігінен метектерді қажет етеді. Сондықтан да, әрине біз метектерге де сөз бостандығын бергенбіз.

(13) Афинадағы гимнастикалық және музыкалық қоғамдарды халық өзі онымен айналыса алмайтындықтан, қысқартып тастаған. Хореография, гимнастика және би өнеріне келетін болсақ, халық әнді тек байлар айта алатынын, ал халық болса, тек хореография бойынша қызметке тұра алатынын, гимнаст және биші болу тек байларға жазған, ал халық одан тек пайда көретінін түсінеді. Халық ән айтқаны, жүгіргені, билегені, кемелерде жүзгені үшін ақы алғылары келеді және байлардың кедейленгенін қалайды. Сотта да олар әділдіктен гөрі өз мүддесін көздейді.

(14) Олардың одақтастары туралы айтатын болсақ, олар тобыр, ақсүйектерге қатысты барып тұрған жалақорлар мен жек көрушілер; Афиналықтар бағыныштылардың өз басшыларын жек көруінің қажет екендігін түсінеді және екінші жағынан мемлекетте байлар мен ақсүйектердің күші басым болса, биліктің халық қолында ұзақ тұрақтамайтынын біледі, сондықтан олар ақсүйектердің азаматтық арын таптап, олардың мүлкін тартып алуда, өздерінің иеліктерінен қуып, өлтіруде, ал кедейлерді қолдауда. Афиналық ақсүйектер басқа одақтас мемлекеттің ақсүйектерін қолдауда, өйткені олар мемлекеттегі ең тәуір адамдарын қорғау өздеріне пайдалы екендігін түсінеді. (15) Егер одақтастар ақшалай кіріс жасауға мүмкіндігі болса, біреулердің тап осы афиналықтардың күшін құрайды деп айтуы мүмкін; сонымен бірге демократтар үшін одақтастардың ақшалары әр афиналықтардың қолында болып, ал одақтастарда тек күн көрерлік қаржы болғаны,

жұмыстан босамай, оларға қарсы ешқандай әрекет істей алмайтындары пайдалы болар еді.

(16) Кейбіреулердің пікірі бойынша, Афина халқы одақтастарды Афинадағы сот істеріне қатысуына мәжбүр етуімен қателеседі. Бірақ афиналықтар бұған қарсы Афина халқы үшін қандай пайдасы бар екендігін, санамалап көрсетеді: біріншіден, сот алымынан ол жыл сайын жалақы алады; үйде отырып, кемемен ешқайда шықпай-ақ одақтас мемлекеттердің ісіне араласады және халықтан шыққандарды қолдап, қарсыластарын құртады. Егер әрқайсысы өз сот үрдістерін отанында өткізсе, афиналықтарға ырза еместері өз қатарларындағы Афина демократиясын қолдайтындарды құртатын еді. (17) Сонымен бірге одақтастардың сот істері Афинада өтуі Афина халқы үшін ұтымды: біріншіден, Пиреяда алынатын пайыздық алым-салық мемлекет үшін өте көп; үйін жалға беретіндердің, жүк артатын малын немесе құлын жалға беретіндердің ісі оңға басады; одақтастар келгенде жариялаушылар (глашатаи) жақсы жұмыс істейді. (18) Сонымен қатар, егер одақтастар сот істеріне келмеген болса, олар афиналықтардан тек кемемен жүретін стратег, триерарх және елшілеріне ғана құрмет көрсетер еді; ал қазіргі жағдай бойынша, әр афиналықтарға жеке-жеке жағымпаздануына мәжбүр болады, себебі олар Афинаға келгенде, Афина заңына сай басқа біреуден емес, тап сол халықтан қолдауды немесе жазалауды табады. Ол сот ісінде тізерлеп, әр кіргеннің қолына жармасып, жалынуына тура келеді. Міне, сондықтан одақтастар Афина халқы алдында неғұрлым құлдық жағдайда болды.

(19) Сонымен қатар Аттикадан шет жерлерде иеліктері бар болғандықтан, онда афиналықтар өз адамдарын жіберу арқылы ескекті пайдалануды өздері де, құлдары да үйреніп алды, себебі адам жиі жүзетін болса, тек өзі ғана емес, құлы да ескекті қолдануға үйренуі керек және теңіз ісінде қолданылатын сөйленімдерді де үйренуге тура келеді. (20) Жүзу тәжірибесі мен дағдысы арқылы олардан жақсы кеме жүргізуші шығады. Көліктік кемеңі, кейбірі – жүк кемесін жүргізуді жетік үйреніп, кейбіреуі соңынан триерге тұрды. Олардың кейбірі ескек есуді үйренгендіктері соншалық – қазірдің өзінде әскери кемеге тұруларына болады, себебі олар мұнымен өмір бойы айналысқан.

II

(1) Афинаның ең осал жері – Гоплиттер әскері, ол шын мәнінде де сондай, афиналықтар саны жағынан да, сапасы жағынан да жаулары-

нан кем деп санайды, ал оларға алым-салық төлейтін одақтастардан олар тіпті құрлықта да басым. Сонымен бірге олардың ойынша, гоппиттер әскері одақтастардан басым болса, соның өзі де жеткілікті. (2) Көптеген жағдайларға байланысты олардың жағдайлары төмендегідей болып шықты. Құрлықтағы мемлекеттердің бодандағылары мүмкін кішігірім мемлекеттермен бірігіп, біріккен күшпен соғыса алады; теңіздегі державалар бодандағылар, арал тұрғындары болғандықтан, бірігуге мүмкіндіктері жоқ, себебі олардың арасын теңіз бөліп тұр, ал олардың қожайын-билеушілері тек теңізде ғана үстемдікке ие. Аралдықтар байқатпай бір аралға жиналғанның өзінде, олар аштан өлер еді. (3) Құрлықта жатқан афиналықтарға бағынышты мемлекеттердің ірілері қорыққанынан, ал кішілері негізінен қажеттіліктен бағынады, себебі кез келген мемлекет кез-келген нәрсені сыртқа шығару мен сырттан алып келу қажет; теңіз қожаларына бағынбаса, оларда оның бірде-біреуі болмайды. (4) Содан кейін теңізде үстемдік ететіндер кей кездерде ғана құрлық қожайындарының қолынан келе бермейтінді істей алады, яғни күштілердің жерлерін тонаушылыққа ұшырады; кемемен дұшпан жоқ жағынан немесе аз тұсынан келуге болады, егер жау жақындаса, кемеге отырып, кетіп қалуға болады, осы арқылы олар құрлық әскерінен гөрі көп кедергіге кездеспейді. (5) Сонымен бірге теңізде үстемдік ететіндер отанынан мүмкіндігінше алыс жерлерге жүзе алады, ал құрлықтағы державалар әскері өз жерлерін тастап алысқа кете алмайды, себебі бұл бірнеше күнге созылады және өте баяу құрлықпен жүре отырып, ұзақ уақытқа жететін азық-түлікті өзімен бірге алып жүру мүмкін емес. Дәл осы кезде құрлық арқылы жүре отырып, достас елдер арқылы немесе дұшпан елдердің жері арқылы бұзып-жарып, шайқаспен өтуге тиіс; ал теңіз арқылы жүзетіндер өздері басымдылыққа ие жерлерге тоқтай алады, ал бұл мүмкін емес жерлерге түспей, олардан өтіп достас елге немесе өзіне қарағанда әлсіз елге барып түсуіне болады. (6) Содан кейін Зевс жіберген құрғақшылық әсерінен болған өнімнің шықпай қалуынан құрлықтағылар қатты қасірет шеккенде, теңіздегілер үшін жеңіл өтеді, себебі бұл кезде барлық жерлер қасірет көре бермейді, теңізде үстемдік ететіндер қасірет шекпеген жерлерден қажеттілерін әкеле алады.

(7) Аса маңызды емес нәрселер жайында еске салатын болсақ, афиналықтар теңізге үстемдік ету арқасында, әр жерлермен ара қатынас жасаудың арқасында дастархан мәзірінің түр-түрін жасайтын

болды. Соның арқасында Сицилияда, Италияда, Кипрде, Египетте, Лидияда, Понтада, Пелопоннесте немесе басқа жерлерде өсетін тәтті нәрселер теңіздегі үстемдік етудің арқасында бұның бәрі бір жерге жиналған. (8) Әр жердегі сөйленістерді естіп, бір жерден біреуін, екінші жерден – екіншісін қабылдаған. Жалпы гректер өз сөйленісін қолданып, өздеріне тән өмір сүру дәстүрін ұстанып, киімдерін кесе, афиналықтарда гректер мен варварлардан алғандарын араластырып қолданады. (9) Құрбандық шалу мен кесенелер, мейрамдар мен киелі жерлерге келетін болсақ, халық құрбандық шалу мен мейрамдар өткізу, ғибадатханалар тұрғызу, қаланы әсемдеу мен көркейту әр кедей адамның қолынан келе бермейтіндіктен, мұны қалай жасауды ойлап тапты. Мемлекет қоғам есебінен құрбандық шалады, ал халық тойлайды да, жеребе арқылы құрбандыққа шалынған малдың етін алады. (10) Сонымен бірге гимнасиялар моншасымен, шешінетін жерлерімен байлардың кейбіреуінің өздерінде бар, ал халық өздері үшін арнайы көптеген палестр, шешінетін бөлме мен моншалар соғады. Оны көбіне бай адамдарға қарағанда, қарапайым халық көп пайдаланады.

(11) Ал гректер мен варварлардың байлықтары туралы айтар болсақ, Афиналықтардың олай етуге мүмкіндіктері бар. Шын мәнінде, егер қандай қала кемеге арналған ағаштарға бай болса, онда олар теңізде үстемдік ететіндермен келісімге келмесе, оларды қайда өткізе алады? Тағы не туралы айтуға болады? Егер қандай да бір қала темірге, мысқа, зығырға бай болса, оларды ол теңізде үстемдік ететіндермен келісіп өткізбесе, қайда өткізеді? Аталғандарда кеме жасалады ғой; біреуінен ағаш, екіншісінен – темір, үшіншісінен – мыс, төртіншісінен – зығыр, бесіншісінен – балауыз алынады. (12) Сонымен бірге, олардың басқа жерге өткізуіне жол бермейді, өйткені біздің дұшпандарымыз теңізді пайдалана алмайды. Міне, осылай, мен еш қиындықсыз жер байлықтарын теңіз арқылы аламын, ал басқа қалалардың мұндай екі, яғни жер және теңіз байлықтарын бірден пайдалануға еш мүмкіндіктері жоқ. Сонымен қатар бір мемлекетте ағаштың да, зығырдың да қатар болуы мүмкін емес, себебі зығырға бай елде, жазық және ағаш өспейді. Сол сияқты мыс пен темір бір мемлекеттен әкелінбейді, себебі бір мемлекетте бірден бәрі табыла бермейді, бірі болса, екіншісі бола бермейді.

(13) Сонымен бірге әр материктің алға шығыңқы жағасы, немесе қандай да алдында жатқан бір аралы, немесе қандай да бір тар жолы болады, сол арқылы теңізде үстемдік етушілер зәкір тастап, материк тұрғындарына зиян келтіруі мүмкін.

(14) Афиналықтарға бір нәрсе ғана жетпейді. Олар аралда тұрып, теңізде үстемдік еткенде өзгелерге зиян келтіріп, өздері зиян шекпес еді, олардың жерлері зиян шекпес еді және сырттан жауды күтпес еді. Бірақ қазіргі қалыптасқан жағдайда жаудың келуінен көбінесе шаруалар мен бай афиналықтар қауіптенеді, ал демократиялық топтар жаулардың ешқандай байлықтарын тартып немесе өртеп кетпейтіндіктен, олардың келгенінен еш қауіптенбей, қам-қаракетсіз өмір сүреді.

(15) Сонымен бірге Афиналықтар аралда тұрса, бір күндері азғана топтың сатқындығымен қақпаны жауға ашып береді деп қауіптенбес еді. Шынында да егер олар аралда тұрса, ондай болар ма еді? Жергілікті тұрғындардың кейбір бөлігіндегі демократиялық партияға қарсы көтерілістер де аралда тұрғандарды үрейлендірмес еді. Енді қазір көтерілісті бастаса, құрғақпен көмекке кететін жауларға үміт артып бастар еді. Ал егер аралда тұрса, олардың бұдан қорқатын реті жоқ болар еді. (16) О баста олар аралға орналасқан жоқ еді, сондықтан олар келесіні ойлап тапты. Теңізде үстемдік ететініне сеніп, өз мүлкін аралдағыларға сақтауға беріп қояды және де олар Аттика жерінің талан-таражға салынып жатқанын елемейді де, себебі олар оған жаны ашығандығын танытса, басқа да маңызды игіліктерден айырылып қалатынын түсінеді.

(17) Ары қарай олигархиялық мемлекет үшін жазылған одақтастық келісім шарттар мен сертті орындау керек; егер өз келісімшарттарын ұстамайтын болса, онда кімнің күнәсі бойынша қасірет шеккенінді айтады немесе саны аз болғандықтан, келісімшартқа отырған белгілі адамды атайды. Ал халыққа келетін болсақ, қандайда келісімшарт жасасқанмен күнәні не сөйлеген шешенге, не жиналыс төрағасына арта салып, халық толық жиналған кезде келісімшартқа отырғанын білмеген жағдайда, ол кезде жиналыста болмай, бұған келісім бермегенін айтып шыға келеді. Олар оны қажет деп таппаса, олар оны орындамаудың мыңдаған себебін тауып, қаламағандарын орындамауға тырысады. Халықтың қабылдаған шешімінен зиян келсе, демократтар барлық жауапкершілікті соларға артып, оларға қарсы келгені үшін бір топ адамға күнәні артады, ал егер ол істен пайда келсе, барлық атақты өздеріне иеленеді.

(18) Сонымен бірге ажуа-сықақ өздеріне тиіп кетпеу үшін, афиналықтар комедияларда халықты күлкіге айналдырып, сөгуге рұқсат етпейді; бірақ жеке тұлғаны күлкіге айналдырғысы келсе, олар оны қолдайды, себебі олар күлкіге айналған адамның қарадан шықпағанын, кедейден шықпағанын біледі, әрине, ол не бай, не бел-

гілі, не сыйлы адам, кей жағдайда ғана кедейден шыққан немесе демократ күлкі болуы мүмкін, оның өзі барлық іске араласып, халықтан бөлініп шығуға тырысқанынан болады, сондықтан оларды күлкіге айналдырғанда, олар еш қарсылық көрсетпейді.

(19) Сонымен мен Афинадағы халық кімнің қарапайым, кімнің бай екендігін түсінеді, соны түсіне отырып, кедей болса да өз қолдаушылары мен өз жақтаушыларын жақсы көреді, ал сыйлы адамдарды ұнатпайды, себебі олардың сыйлы болуынан оларға еш пайда келмейтінін түсінеді, олардан жамандық қана күтеді деген пікірді айтқым келеді. Керісінше, халықты жақтаушылардың кейбіреуі шығу тегі бойынша демократ емес. (20) Мен халықтың демократтық көзқарасын қабылдаймын, себебі әркімнің өзі туралы ойлауы кешірімді. Ал кімде-кім қарапайым халыққа еш қатысы болмай тұрып олигархиялық мемлекеттен гөрі демократтар мемлекетінде тұрғанды қолдайтын болса, ол адамның қылмыс істеуге ниеті бұрып тұрады деп айтар едім, себебі алаяқ олигархтар мемлекетінен гөрі демократтар мемлекетінде байқаусыз болуы мүмкін.

III

(1) Сонымен афиналықтардың мемлекеттік құрылымына келетін болсақ, мен оны, әрине, құптамаймын; олар демократтық басқаруды қабылдауды шешіп қойғандықтан, менің ойымша, мен көрсеткен тәсілдерді қолдана отырып, олар демократияны ұтымды сақтап келеді.

Сонымен қатар менің байқауымша, кейбіреулер Афиналықтарды Кеңес пен халықтың бір жыл күтсе де бір адамға қатысты шешім шығара алмайтыны үшін айыптайды. Бұл Афинада істің көптігінен үлгермейтіндіктен орын алған. (2) Олардың үлгермейтін бірнеше себептері бар: біріншіден, грек мемлекеттерінің біреуі өткізбейтін көптеген мейрамдар өткізу, мейрамдар кезінде мемлекеттік істер бойынша бір нәрсеге қол жеткізу мүмкін емес, барлық адамдар талдамайтын мемлекеттік үрдістер мен есептерді талдайды, ал Кеңес жиі соғыс, ақша табу, заң, мемлекеттік жағдайлар, одақтастармен бірігіп істейтін істер, алым қабылдау, қасиетті орындар мен верфтер туралы кеңесіп тұрады. Осынша істері тұрғанда, олардың адамдардың істерін қарауға мүмкіндіктері болмағанына несіне таң қалуға болады? (3) Кейбіреулер ақшасы болып, Кеңеске немесе халыққа жүгінсе, ол өз ісінің шешіміне жетеді деп айтады. Мен ақшамен Афинада көптеген нәрсеге

қол жеткізуге болады дегенмен келісемін, ақша беруші көп болса, көп нәрсеге қол жетер еді. Дегенмен қанша алтын мен күміс бергенімен арызшылардың барлығын қанағаттандыра алмайтынын мен білемін. (4) Сонымен қатар келесі істерді де шешуге тура келеді: егер кімде-кім оған тиісті кемені жөндемесе немесе қандай да бір қазыналық жерге мекемелер соғатын болса, сонымен бірге Дионисияда, Фаргелияда, Панафинеиде, Промефияда және Гефестияда тағайындалған хорегтердің арызын жыл сайын қарастыруға; жыл сайын 400-ден триерархтар тағайындалады, кез-келгенінің өтініші бойынша жыл сайын арыздарын қарастыруға тура келеді; қызметкерлердің ісін тексеруге және олардың пікірталастарын шешуге тура келеді, жетімдерді тексеріп, түрме қарауылдарын тағайындау керек. (5) Бұл жыл сайын өтеді. Кей кездерде әскери басқару істерін де, қандай да болмасын қылмыстық істерді қарастырады, мысалы, қандай да бір зорлық немесе арсыздық жасалса. Көптеген нәреслерді мен айтпай отырмын; одақтастарға алым салудан басқа ең маңыздылары жоғарыда аталған. Ал бұл істер негізінен бес жыл сайын болып тұрады. (6) Сонымен, мұның бәрі талдауға тұрмайтын ба еді? Бұл істердің қайсысы талдауға тұрмайтынын біреулері айтсын. Ал егер мұның бәрі талқылауға тұрарлық дегенге келісуге тура келсе, онда мұны бір жыл ішінде орындау керек, себебі қазіргі кезде, тіптен жыл бойы соттағанның өзінде, қылмыскерлерді тұрғындардың көптігінен тоқтатуға мүмкін емес. (7) Жақсы! Біреулері соттау керек дейді, бірақ сонша көп соттың қажеті жоқ дейді. Онда қажеттілік бойынша әр сот комиссиясында, егер оларды қысқартпаса, тек шектеулі мүшелері ғана қатысады, нәтижесінде әр сотпен келісімге келіп, олар аз болғандықтан, сатып алуға болады, онда әділ соттау мүмкін болмай қалады. (8) Сонымен қатар афиналықтардың жиі мейрамдар өткізетінін есепке алу керек, себебі ол кезде сот өткізуге болмайды. Олар есесіне мейрамдарды басқаларына қарағанда екі есе көп өткізеді, мен оларды мемлекетте екі есе кем өткізілетін мейрамдармен салыстырып айтып отырмын. Сондықтан да мен Афинада істер қазіргіден басқаша өтеді деп айта алмаймын: демократиялық құрылымнан бір нәрсені алып тастамай, көп нәрсені өзгертуге болмайды, елеусіз біреулерін ғана ауыстырмаса. (9) Әрине, мемлекеттік құрылымның жақсарғаны керек, көп нәрсені ойлап табуға болады, дегенмен демократия сақталып, сонымен бірге жақсы басқару болғаны керек, қанағаттанарлық шешім табу оңай емес, тек мен айтқандай елеусіздерін өзгерту немесе тіптен алып тастау керек.

(10) Менің ойымша, осы жағынан келгенде афиналықтар дұрыс пікірде емес, өйткені бүліктер болып жатқан мемлекеттер жағына шығады. Мұны олар саналы түрде жасайды, себебі олар жақсыларды қолдаса, өздерінің сыбайластарына қарсы болар еді: бірде-бір мемлекетте игі-жақсылар демократияны қолдамайды, нашарлар әр мемлекетте демократтарды жақтайды; әрине әркім өзіне тән жақтарын қолдайды. Сондықтан да афиналықтар өздеріне сәйкес келетіндерді қолдайды. (11) Неше рет олар аukatтыларға жақтасқанынан, оларға ешқандай пайда жоқ және, керісінше, беотей халқы құлдыққа түсті, басқа бір жағдайда ақсүйектерді Милетте жақтағанда, олар кейін демократтарды талқандап жіберді, мессендіктердің орнына лакедемондықтар жағын қолдағанда, лакедемондықтар мессендіктерді бағындырып, афиналықтармен соғыса бастады.

(12) Мүмкін, біреулер Афинада ешкім де әділсіз азаматтық абыройынан әділетсіз айырылған емес деп айтуы мүмкін. Мен болсам, әділсіз азаматтық абыройынан әділетсіз айырылған аз болғанымен, бар деп айтар едім. Ал Афина демократиясына қол сұғуға бірнеше адам жеткіліксіз; сонымен бірге мұны азаматтық абыройынан әділ айрылғандар емес, әділетсіз айырылғандар ғана ойластыруы мүмкін. (13) Афинада көбі азаматтық борышынан әділетсіз айырылған деп қалай ғана қабылдауға болады, егер халық өзі қызметке тағайындап және қызметін абыройсыз орындап, арсыз сөз айтып, істер жасаған кезде ғана босатылса? Айтқандардың барлығын қабылдай отырып, азаматтық абыройынан айырылған адамдардан Афинаға қауіп төнеді деп ойлауға болмайды.

АРИСТОТЕЛЬ

Аристотель б.з.д. 384 ж. Фракиядағы грек колониясы Стагирде дүниеге келді, сол себепті, ежелгі деректерде көбіне оны Стагирит деп атайды. Оның әкесі – Никомах, дәрігер, македондық патша Аминтаның досы болды. Бұл жағдайдың Аристотельдің өмірінде өзіндік маңызы болған болуы керек. Өз дәуірінде танымал дәрігер болған, ертеден белгілі дәрігерлер отбасынан шыққан, медицина мен физика саласында бірқатар шығармалар жазған Никомахтың өз баласына лайықты білім беруі әбден ықтимал. Бірақ Аристотельдің қанша уақыт әкесінің басшылығымен тәрбиеленгені белгісіз, алайда ежелгі деректерден оның 17 жасқа толмай тұрып, әке-шешесінен айрылғанын, Никомахтың досы Атернейлік Проксеннің тәрбиесінде болғанын білеміз. Сондай-ақ Грецияның солтүстігіндегі ғылыми ортада үстем болған медико-натуралистік көңіл-күйге сай қалыптасқан отбасылық дәстүрдің болашақта өз философиясында нақты өмір мен тәжірибеге деген сый-құрметін жасырмаған жас Аристотельдің ой-пікірінің бағытталуына әсер етуі әбден мүмкін. Екінші жағынан, Аминта сарайындағы Никомахтың орны да Аристотельді патша отбасына танымал етті. Міне, сондықтан да Аминтаның мұрагері Филипп, Аристотельдің замандасы, кейінірек философты өз баласы Александрға тәрбиеші ретінде шақырады. Сондай-ақ Аристотельге мұрагер ретінде көптеген байлықтың қалуы, соның арқасында ғылыми істермен айналысуға мүмкіндік беретін, өз заманындағы байлықтың бірі – кітапхананың болуы Аристотельдің еркін түрде және артықшылық жағдайда ғылыми жұмыстармен айналысуына мүмкіндік берді. Сол себепті оның еңбегін әкесінің сарай қызметімен салыстыруға болмайды.

Платон қайтыс болғанға дейін Аристотель 20 жыл бойы байланысын үзіп те кетпей, ерекше мектептің басшысы ретінде сөйлемей-ақ Платондық академияның мүшесі болды. Аристотельдің оқытушылық қызметі Платонның тірі кезінде басталғанымен, оның бұл қызметі сол кездегі белгілі ритор Исократқа қарсы риторикадан дәрістер берумен шектелетін.

Платонның әкесі Аристотельдің шығармаларының мазмұны мен түріне жазушылық қызметінің алғашқы жылдарында ғана емес, сонымен бірге жеке атқарған философиялық қызметінің өн бойында ерекше байқалды. Платоннан басқа Аристотель өзге де ойшылдарға көңіл бөлді.

Александр Македонскийдің жеке басы мен қызметінің барлық жақсы жақтарын — басқарудағы ақылдылық, батырлық, кеңпейілділік, адамгершілік, ғылым мен өнерге деген құштарлық, басып алумен бірге мәдениетті орнықтыруға деген ұмтылыс — осының бәрін Аристотельдің берген тәрбиесінің әсеріне жатқызуға болады.

Платон қайтыс болғаннан соң, Аристотель ғылыми мүдделерінің жан-жақтылығы сабақтарының жүйелілігі мен әдістілігіне байланысты Платон академиясына жоғары деңгейге көтерілген өз мектебінің негізін қалаушы ретінде көрінеді.

Аристотель таңқаларлықтай көп еңбек жасады (ертедегілер оның жазған еңбектерінің санын 1000 кітап болған деп анықтайды). Оның көптеген философиялық-ғылыми дайындалған еңбектері Афинаға екінші қайтара келгеніне дейін даярланғандықтан, оның жеке өзінің ғана емес, сонымен бірге ол басқарған мектептің бірлесіп істеген қызметіне де байланысты.

Б.з.д. 322 жылы Аристотель көптен бері ауырып жүрген асқазан ауруының асқынуынан қайтыс болады. Бір хабарламаларға сүйенсек, оның денесі Стагирге апарылып, сол жерде жерленген; отандастары ол жерге ескерткіш орнатты, ал оның моласы жыл сайын «аристотелийді», басқаша айтқанда, философия құрметіне арналған мерекені өткізетін орынға айналды.

Аристотельдің практикалық философиясының бір бөлігі саясатқа арналады: этика — жеке адамға арналса, саясат — қоғамды, нақтыласақ, мемлекетті қамтиды. Адам өзіне тән табиғи инстинктісіне орай, физикалық өмірін сақтау үшін ғана емес, сонымен бірге адамгершіліктің прогресі үшін де қоғамға деген қажеттілікте өмір сүреді. Міне, осыдан барып, Аристотельдің пікірінше, Платондағы секілді — адамзат қауымдастығының жоғарғы түрі — мемлекет педагогикалық міндеттерді жүзеге асырады: оның міндеті сыртқы қауіптен сақтанумен бірге, азаматтарды ізгілік пен қайырымдылыққа тәрбиелеу. Аристотель бойынша, мемлекеттік құрылым халықтың мүддесіне сай бейімделіп, халықтың сипаты мен қажеттілігіне сәйкес келуі керек. Мемлекеттік басқарудың әрбір түрі (монархиялық, аристократиялық не демократиялық болсын) билеушілердің пайдасына қызмет етпей, халықтың жалпы игілігін қамтамасыз ететін болса, онда оны дұрыс құрылым деп есептеуге болады. Мемлекеттік құрылымның өмір сүруі мен пайда болуының, бір түрінен екіншісіне өтуі мен құлдырауының шарттарын мемлекеттік қайраткерге тән көрегенділікпен зерттей отырып, мемлекеттік құрылым

түрлерінің барлығының да өмір сүру құқығын тани отырып, Аристотель, өзінің аристократиялық сеніміне байланысты, көбіне артықшылықты аристократияға берді. Ол бойынша, аристократия ақылдылығы мен әділетті қасиеті мол адамдардың билігін қамтамасыз етеді.

Негізінде, барлық азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуға құқығы бар. Бірақ олар ересек жасқа жетіп, соған сәйкес тәрбие алғаннан кейін ғана сайлауға қатыса алады. Мысалы, басқару үшін бос уақыт керек, ал Аристотель құлдардың болуын мүмкін деп есептеді, ол бойынша құлдар ауыр жұмыспен айналыса отырып, басқарушыларды бос уақытпен қамтамасыз етуі керек. Оның ойынша, табиғаттың өзі адамдардың бір бөлігін билеуге, екіншілерін – құлдыққа бейімдеген, бірақ Аристотель құлдарға әділетті көзқараспен қарауды талап етеді. Аристотель Платонның іліміндегі мемлекеттің жеке адамды жұтып қоюына қарсы бола отырып, Ұстазының әйел, бала және мүліктің ортақ болуы туралы пікірімен айтысқа түседі. Аристотельдің «Политикасы» бізге аяқталмаған күйде жетті. Онда ең жақсы мемлекеттік құрылым суреті жалпылама түрде берілді. Сонымен бірге мемлекеттік тәрбие туралы ілім де қарапайым оқыту очеркі түрінде үзіледі. Алайда философтың ойы анық; ол өнердің байытушылық көмегі арқасында мемлекеттік тәрбиенің адамды рухани және адамгершілік биік деңгейге жеткізгенін қалайды.

АРИСТОТЕЛЬ

ПОЛИТИКА

Бірінші кітап

1.1. Біздің білуімізше, кез келген мемлекет белгілі бір қарым-қатынас түрі болғандықтан, ал кез-келген қарым-қатынас нақтылы бір ізгі ниет үшін ұйымдастырылатын (себебі кел-келген іс-әрекет мақсат еткен іске сәйкес құрылатын сол ізгі ниетті) болғандықтан, барлық қатынастардың бір немесе өзге ізгілікке ұмтылуы (stokhadzontai) айқын, солардың ішінде — ең үлкен және ең биік ізгілікке ұмтылатын қатынас, басқалардан ең маңызды болғандықтан, өзге қатынастардың барлығын қамтиды. Мұндай қарым-қатынас мемлекет немесе саяси қарым-қатынас деп аталады.

2. «Мемлекет қайраткері», «патша», «үй иесі», «мырза» деген сөздердің мағынасы бірдей деушілер қателеседі. Өйткені, олар бұл сөздердің айырмашылығы сапалық жағында емес, сандық жағына деп есептейді; мысалы, олардың айтуынша, мырза — аздаған адамдарға билік етуші; үй иесі — саны көп адамдарға билік етуші; ал онан да көп адамдарға билік етушілер — мемлекет қайраткері немесе патша; сонда үлкен отбасы мен шағын мемлекеттің айырмашылығы жоқ сияқты; және мемлекет қайраткерінің патшадан айырмашылығы: патша тек өзіне тән билікпен басқаратын болса, мемлекет қайраткері бір жағынан билік жүргізгенімен, екінші жағынан арнайы ғылымның негізіне — саясаттың негіздеріне бағыныштылықпен басқарады деп есептеледі. Бірақ бұл ақиқаттан алшақ.

4. Жұптасып өмір сүру қажеттілігі бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын қажеттіліктен туындайды, — әйел мен еркек ұрпақ жалғастыру мақсатында жұптасады; және мұндай үйлесімдік саналы шешімге байланысты емес, ол — өзінен соң өзіне ұқсас тіршілік иесін қалдыру үшін басқа да өсімдіктер мен тірі жәндіктерге тән табиғи ынталылықтан тәуелді. (...)

7. Кент – тек қана қысқа мерзімді қажеттілікті қанағаттандырумен байланысты емес, бірнеше отбасылық қарым-қатынастан тұратындар.

Кентті отбасылардың колониясы деп қарау өзінен-өзі түсінікті; сондықтан кейбіреулер бір кенттің мүшелерін «емшек-тес бауырлар», «ұлдар», «немерелер» деп те атайды. Осыған орай бастапқы кездері грек елдерін патшалар басқарған (қазіргі кездері мұндайды гректік емес ұлыстардан да көреміз), олар патшалық билікті мойындаған бөлшектерден тұрады: өйткені әр отбасының үлкеніне патшалық билік берілген. Отбасылар колониясында да тұрғындардың туысқандық байланыстарына сәйкес осындай реттілікті қолдаған. (...)

8. Өзі жағдайына өзі толық иелік ете алатын және өмір қажеттілігі үшін құрылған, берекетті өмірге қол жеткізу үшін болатын бірнеше кенттерден құрылған қоғамды толығынан жетілген мемлекет деп айтуға болады. Соның салдарынан, әрбір мемлекет – табиғи пайда болған нәтиже және алғашқы қарым-қатынастар: осылардың қорытындысы, қорытындыдан табиғат айқындалады. (...)

9. Жоғары айтылғандардан мемлекеттің табиғи құбылыс, ал адамның табиғатынан саяси жан екендігі айқындалады, ал кімде-кім, кездейсоқтықтан емес, өзінің табиғатынан мемлекеттен тыс өмір сүретін болса, ол – имандылық тұрғыда дамымаған жан немесе бәрінен асқақ адам; оны Гомер де даттап «тексіз, тайпасыз, заңдардан тыс отбасысыз» деген; және ондай адам табиғатынан соғысқа жаны құмар; ондай адамды ойын тақтасындағы барлық жағынан қамалған пешкамен салыстыруға болады.

10. Аралар мен басқа да үйірлі жануарлармен салыстырғанда адамның негізінен қоғамдық жан екені мынадан айқындалады: табиғат, біздің білуімізше, еш нәрсені бекерге жасамайды; бірақ тек қана адамға сөйлеу қасиеті берілген. Дауыс қапалық пен қуанышты аңғартады, сондықтан ол басқа да тірі жәндіктерге де тән (себебі олардың табиғи қасиеттері дамығандығынан қуаныш пен қапалық сезімдерін бір-біріне жеткізе алады). Бірақ сөйлеу арқылы ғана ненің пайдалы және ненің зияндылығы сияқты, ненің әділетті және ненің әділетсіз екенін білдіруге болады.

11. Бұл қасиет адамдарды басқа тірі жәндіктерден ерекшелендіреді: Тек адамның ғана мейрімділік пен зұлымдық, әділеттік пен әділетсіздік және т.б. ұғымдарды түсіну қабілеті бар. Ал осылардың жиынтығы отбасы мен мемлекеттің негізін қалайды. (...)